

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 1999 жылға арналған индикативтік жоспары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 15 қазандағы N 1044

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары назарға алынсын және онда қамтылған, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының, ведомстволарының, облыстардың, Астана мен Алматы қалалары әкімдерінің қатысуымен Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) әзірлеген 1999 жылға арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, ведомстволары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 1998 жылдың 15 қарашасына дейін Комитетке Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылға арналған іс-қимыл жоспарына енгізу үшін іс-шаралар бойынша ұсыныстар берсін.

Аталған ұсыныстарды әзірлеу кезінде "Қазақстан-2030" Стратегиясы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары, салалық және функционалдық бағдарламалар, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 1999 жылға арналған индикативтік жоспары басшылыққа алынсын.

3. Комитет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылға арналған іс-қимыл жоспары бойынша ұсыныстарды қорытсын және оны белгіленген тәртіппен 1998 жылдың 25 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұ с ы н с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті 1998 жылдың 20 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылға арналған индикативтік жоспарының мемлекеттік инвестициялар

бағдарламасы, кеден тарифтерін өзгерту, табиғи монополияшы ұйымдардың өнімі мен көрсететін қызметтеріне тарифтерді өсірудің шегі бойынша жоспарлау-реттеу бөлігі жөніндегі қаулыларының жобаларын белгіленген тәртіппен енгізсін.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 15 қазандағы
N 1044 қаулысына
қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.05.31.
N 666а қаулысымен.

P99666a_

Қазақстан Республикасының 1999 жылға арналған
әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі
макроэкономикалық көрсеткіштері

	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.	
	есеп	есеп	бағалау	

ЖІӨ, млрд.теңге 1672,1 1747,7 1824,1

ЖІӨ нақты түрінде, % 101,7 97,5 98,5

ЖІӨ дефляторы 16,1 7,2 6,0

ЖІӨ жан басына шаққанда,
мың теңге 105,4 111,7 122

Тұтыну бағасының индексі, %:

кезеңнің аяғында 11,2 1,9 16,8

жыл бойынша орташа 17,4 7,1 7,1

Теңгенің АҚШ долларына
бағамы

жыл бойынша орташа	75,4	78,3	119,1
--------------------	------	------	-------

Бюджет тапшылығы, млрд.

теңге	62,2	70,1	67
ЖІӨ-ге %	3,7	4,0	3,7

Өнеркәсіп, млрд. теңге	809,7	801,5	815
------------------------	-------	-------	-----

Нақты өзгеруі, %	104,0	97,9	98,3
------------------	-------	------	------

Ауыл шаруашылығы,

млрд.теңге	297	246,6	259,3
------------	-----	-------	-------

Нақты өзгеруі, %	98,1	81,1	98,9
------------------	------	------	------

Экспорт, млн. АҚШ долл.	6899	5773,8	5185
-------------------------	------	--------	------

Импорт, млн. АҚШ долл.	7176	6574,7	5250
------------------------	------	--------	------

Негізгі капиталға инвестиция,

млрд. теңге	140	189,3	196
-------------	-----	-------	-----